



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

санап дамып отыратын тілдің қажетінен шығу үшін жазудың алфавиттік үлгіге жақындай түскені дұрыс, Идеофонограммалық иероглифтер міне осындай қажеттілік салдарынан күн өткен сайын молаюда. Мәселен, Ин-Щаң дәуірінде, қытай тіліндегі идеофонограммалық иероглифтер жалпы қытай жазуының 20 пайызын құраса, соңғы кезде 80 пайызынан астамын құрайтын жағдайға жетті. Демек қытай жазуының дыбыстық таңбалауға ойыса бастауы негізгі ағымға айналып қалғандай, тағы бір айта кетер жағдай, қазір қытай елінің жазуға реформа енгізу саласындағылары күрделі иероглифтерді оңайлату үшін де осы идеофонограммалық тәсілді қолдануда. Бұның өзі де аталған жайға оң әсерін тигізуде.

Қолданылған әдебиет

1. Қ. Жамалов. Ежелгі Шығыс мәдениеті. - Алматы : ЖШС РПБК Дәуір, 2011. - 280 с.
2. Виргинский В.С., Хотеев В.Ф. Очерки истории науки
3. История педагогики и образования/ Под ред. А.И.Пискунова.
4. Д.Мәсімханұлы., А.Әбиденқызы. Қытай филологиясына кіріспе.-Алматы: «Қазақ университеті».-2002.-237б;
5. Малявин З.В. Китайская цивилизация. М., 2001.
6. Нейгебауэр О. Точные науки в древности. М., 1968.
7. Крюков М.В., Переломов Л.С, Софронов М.В., Чебоксаров Н.Н.
8. Истрин В.А. Возникновение и развитие письма. М., 1965.
9. История Древнего Востока/ Под ред. В.И.Кузищина.М., 1999
10. Фань Вэнь - лань. Древняя история Китая. М,

ОӘЖ (УДК) 392.86:663.95 (510)

ҚЫТАЙДЫҢ ШАЙ МӘДЕНИЕТІ ЖАЙЫНДА

Мансүр Шолпан

mansur_sholpan@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
қытай филологиясы кафедрасының аға оқытушысы. Астана, Қазақстан

Қытай елі ежелден ақ шайдың ежелгі мекені саналады. Егерде 5000 жылдық тарихы бар қытай мәдениетін шексіз әлем десек онда шай мәдениеті сол әлемнің көз тартарлық ең жарық жұлдыздарының бірі саналады деуге болады. Шай мәдениеті сан ғасырлар бойы өзідік ерекшелігімен тарихи, дәуірлік, ұлттық, әлемдік сипаттарымен дараланып ұрпақтан ұрпаққа жалғасып әлем мәдениетінің өркендеуіне де өзіндік үлесін қосуда. Қытай елі дүниеде ең алғаш шай ағашын байқап, өндіріске қосқан ел санатында саналғанына да 4700 жылдың жүзі болды, ол туралы батыс хан дәуіріндегі жазбаларда нақтылы көрсетілген, сондай-ақ қазірге дейін толық қанды сақталған Таң патшалығының шай танушы ғалымы Лу Уидың б.з.б. 758 жылы жазып қалдырған “шай ілімнамасында” деректер келтірілген.

Шай- (茶) шай тұқымдасына жататын мәңгі жасыл ағаштар мен бұталар туысына жататын бір түрі болып саналады. Шай дүние жүзі бойынша кофе, какао сынды 3 үлкен сусындық, 6 негізгі табиғи денсаулық сақтау өнімінің біріне жатады. Оның құрамында адам ағзасына аса пайдалы минерал заттармен витамин С, Е, В1, В2, белок, танин, кофеин, жир майы, аминокышқылы, фтор сынды көптеген дәрумендердің бар екені қазіргі ғылымда толық дәлелденген. Нақтырақ айтсақ бауыр, бүйрек қызметін жақсартады, жүйкені тынштандырып миды қуаттандырады, асқазандағы ас қорыту жүйесі мен зат алмасу процесін тездетуге де көмектеседі, шаршауды басып рухты көтереді, қандағы май құрамын азайтады, бактерияларды өлтіре алады, еңбек қабылеттілігі мен ой қызыметін арттырады. Демек қытайлардың наным бойынша күнделікті өмірде шайды дұрыс тұтынатын адамның өмірі ұзақ болады деп санайды екен, олар әу баста оны тек тамаққа және тасаттық берудей діни рәсімдерде ғана қолданған, кейін келе ғибадатханалардағы монахтар ас қортудай дәрілік

рөлін шипасын байқап тұрмыста үнемі қолдана бастаған, сөйтіп ханнан қарапайым қарашаға дейін шайды күнделікті аста кем болса болмайтын тұтыну бұйымына айналған, жалпы жуңгоның шай ішу мәдениеті буддизм ағымының таралуымен бірге алғаш Жапонияға тараған, соң соң Корея және Шығыс оңтүстік азия жақтағы елдердің де қызығушылығын арттырған, іле шала Еуропа, Африка халықтарына да тарай бастаған. Ал қытайдың өзіндегі шайдың негізгі таралу аймақтарына тоқталсақ, жер түзілісі, белдеу, ауарайы, топырақ ерекшеліктеріне қарай шайдың сапасы, дәмі, иісі де өзгеріп отырған. Әдетте көктемнің ең басында жиналған шай мынадай үлкен төрт аймаққа шоғырланған, батыс оңтүстік шай белдеуі, Хуа Нан ауданы, Жиан Нан ауданы және Жиан бей ауданы. Әрине әр өлкедегі шайдың сорты да өзгеше болып келеді, өңдеу барысының айырмашылығын айтпаған күннің өзінде әуелі бір орындағы шай ағашының өсуі мен шай жапырақтарының жинау мерізіміне байланысты да өте құнды саналады, әр мезгілдің өзінде ғана ішуге болатын шайлар болады. Мәселен, шайды тани білетін адамдар көбіне көктемде көк шай, күзде гуңжуи шайы, қыста улұң, пуаыр, тиегуаниң сынды шайларды ішеді, олардың мықтылығы сол әуелі шайға қарап-ақ оның жиналған мерізімін, сапасын ескі не жаңа екенін де бірден айыра алатын болған.[2.3]

Әр өңірдің адамдарының сөйлеу дағдысы мен географиялық жағдайының ұқсамауына байланысты шай атауының қытай тілінде де екі түрлі дыбыстау әдісі бар, ортақ тілдік негізде солтүстік диалект бойынша "cha" деп оқылса, ал оңтүстік диалект бойынша "tee" деп дыбысталады, демек солтүстіктің ықпалына ұшыраған Жапония мен Үндістан "cha" деп Ресей чай, Түркия "chai" ал Англия "tea", Испания "te", Франция "the", Германия "Tee" деп дыбыстап оқиды, қалай болғанда да шай атауының өзі қытайдың атауынан алынған кірме сөз екенін аңғару қиын емес.

Шайдың жапырағы шай ағашындағы нәзік балауса жарақтардан алынады, сөйтіп ары қарай өте жіңішкелікпен терілген жапырақтар неше сатылық мұхият өңдеуден өткізу әдісіне, реңіне қарай да шай да төмендегідей көптеген түрлерге бөлінеді : көк шай, қызыл шай, сары шай, қара шай, ақ шай, гүл шай т.б. Жалпы Қытайда шайдың атақты он түрі бар олар мыналар:

1. 西湖龙井 xihu long jing шайы
2. 洞庭碧螺春 tong ting bi luo chun шайы
3. 黄山毛峰 huang shan mao feng
4. 都均毛尖 dou jiun ao jian шай
5. 六安瓜片 liu an gua pian
6. 君山银针 jun shan ying zhen шайы
7. 信岩毛尖 xin yan mao jian шайы
8. 武夷岩茶 wu yi yan шайы
9. 铁观音 tie guan ying шайы
10. 扑门红茶 pu men hong шайы

Әдетте солтүстіктегілер көбіне иісті гул шай ішсе, оңтүстіктегілер көбіне луңжиң , би ло чун сынды шайларды ішкенді ұнатады екен, ал мал шаруашылығымен шұғылданатын аз ұлттар көбінесе сиыр, қой сынды малдардың сүтін қосып түрлі формада қатырылған күрек шайларды тұтынады. Әрине шай ішпесе басы ауратын қазақтармыз ғой, демек қытайдағы қандастарымызда осылай қызыл шайға сүт араластырып сурыптап ішкенді ұнатады. Міне осындай ерекшеліктеріне қарай халық арасында шай тұтыну мәдениетіне қарап та, адамның қай жерден екенін айыруға болады деп санайды. [2.35]

Негізі шай ішу мен құюдың да өзіндік қағидасы, ережесі болады. Қытайда қонақ келсе шай ұсынатындай жақсы салт қалыптасқан, олар келген қонақтан қандай шай қалайтынын сұрап алады да, лайықты температурамен шайды демдеп қонақтардың оң жағынан бастап дәрежесіне қарай оң қолымен төмен қарап иіле ізет көрсетіп ұсынады. Құйғанда сарылдатып бір жолата толтыра құя салуға, не ішерде бір ақ ұрттап тауыса салуға болмайды, керісінше аз аздан араластыра құйылған шайды сұрыптап, жайлап дімән сезіне рахаттанып ішу керек .кесені ұстау әдісі : басбармақ пен ортан терек саусақты ішке бүге отырып кесені

ұстайды. Бұл қарсы жаққа деген құрмет, ілтипат ишараты болып саналады. Бұл сонау Чин патшалығынан қазірге дейін жалғасып келе жатқан әдет. Шынында шай адамдар арасындағы қарым қатынастың дәнекері, адамдар тілдестігіндегі тамаша көпір іспетті, шай іше отырып бір жағынан тамаша әңгіме дукенін құрып ауыз сөз жүзінде болсада, біраз шаруаның басын қайыруға, әрі көңіл күйді де теңшеп жадырап қалуға болады, сондықтан да қытайда «шай көңілді тазартады», «шай ішсең көңілің жай»- деген тәмсіл тараған. Міне осыдан да шай мәдениетінің адамның заттық және рухани дуниесіне берер ықпалының зор екенін аңғаруға болады.[1.56]

Қытайда Таң дәуірінен бері шай ішу мәдениет деңгейін көтеру, шай сапасын арттыру мақсатында әр түрлі жарыстар, жәрмеңкелер ұйымдастырылып отырған, оған шенді шекпенді адамдардан тартып қарапайым халықа дейін қатысып отырған, онда шайға істететін судың өзін аса зор талғампаздықпен талдаған, өзен, көл, құдық емес қайта бұлақтың жұмсақ таза минерал суын істетуге тырысқан, ал ыдысқа келсек онда шайдың түріне байланысты өзгеріп отырған, мәселен гүл шайларға фарфор шәугім пайдаланған болса, ал көк шайға әйнек ыдыстар істеткен, қызыл шайға чау тау ыдыстарын істеткен. Қазірде зы чау ху шәйнегі, тибет ыдысы, ияң ху ыдысы сынды арнайы шайға істетілетін ыдыстар өз құндылығын әлі де жоғалтпай сақтаумен біреге жоғары деңгейде даму сатысына көтерілген. Солайша жүңгоша өмір сүрудің аса талғампаз дағдысына айналған.

Расында қытайда шайды тілге тиек еткенде шайхана көз алдыңызға елестемей қоймайды, Қытайда шайхана ол кеңінен тараған танымал қызымет көрсету саласы болып табылады. Әсіресе жианнан да үлкенді кішілі қала, ауыл, аймақтың бәрінде дерліктей жылдар бойы жалғасын тауып келе жатқан ұлттық бояуы қанық шайханаларды да, жаңа заманға сай жабдықталып өзгерген шайханаларды да кездестіруге болады, онда жиналған адамдар тек шай ішіп қана қоймай ол жерді бір жағынан музыка тыңдап, әңгіме айтатын мекенге айналдырса, енді бір жағынан демалып көңіл көтеретін мәдени орынға айналдырған, әр жылдың 24 мамыры шай мерекесі фестивалі деп тойлану дағыдаға айналған. Қысқасы қытай өздерінің шай мәдениет рухын жинақтап төмендегідей төртке түйіндеген: 中华茶道精神是 1.清 purity 2.敬 respect 3.怡 harmony joyful 4.真 really яғни, тазалық, құрмет, саулық, шынайылық деп жинақтаған.[3.227]

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйініне тоқталсақ, Қытайдың шай мәдениеті қытайдың дәстүрлі мәдениетінің құрамдас бөлігі, әр елдің шай мәдениетінің алтын бесігі саналады. Демек сан ғасырлық мәдениетке айналған елдің озығын алып бізде шайды ғылыми талғаммен талдап, дұрыс ішуді үйреніп салауатты өмір салтын сақтауға тырысайық.....

Қолданылған әдебиет

- 1.中国饮食, 刘军, 2012 年 10 月第 1 版, 五洲出版社 (48-56)
2. wk.baidu.com/view
- 3.中国文化常识, 国家汉语国际推广领导小组办公室, 北京, 华语教学出版社 2006 年 11 月 (221-227)

ӘОЖ 1(510)

ҚЫТАЙ ФИЛОСОФИЯСЫ

Мырзабай Ақмарал Құралбайқызы

akamaka96@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық Университеті Филология факультеті Қытай тілі кафедрасының студенті, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі: Құлманова Құралай

Қытай философиясы – ұзақ тарихи жылдарға созылған дәстүрі бар. Оның шығу тарихы б.з.д. 1 мыңжылдықты қамтиды. Б.з.д 8-5 ғасырлардың өзінде-ақ стихияның бес оқу түрі